

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ БІЛІМ БЕРУДІ
ЖАҢҒЫРТУ ОРТАЛЫҒЫ НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«№71 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МКК**



ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БІЗ
*3- сыныпқа арналған факультатив курс
бағдарламасы*

НҰР-СҰЛТАН, 2022

**Білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде қаралып, қалалық
Сараптамалық кеңеске ұсынылды. Хаттама № 2. 25. ақпан 2022 жылы.**

Пікір берушілер:

Ильдербаев О.З., биология және геномика кафедрасының профессоры, мғд. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Зандыбай А., қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқару және инжиниринг кафедрасының доценті, биология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті.

Құрастырушылар: Кошкимбаева А.С., Аштаева Г.М.Экология және біз.

3 – сыныпқа арналған факультатив курс бағдарламасы -Нұр-Сұлтан, 2022. - 9 б.

Мектептің білім беру жүйесінде жас ұрпақты жан-жақты дамыту мен тәрбиелеуде: олардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеуде, өзінің табиғат пен қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуде, жер бетінде тіршілік сақтауда «Экология және біз» бағдарлама үлкен рөл атқарады.

Келешек ұрпаққа экологиялық мәдени тәрбие беру қазіргі заманда өзекті мәселе болып табылады. Бастауыш мектепте экологиялық білім беру баланың дүние танымының қалыптасуында өте маңызды кезең.

ТҮСІНІК ХАТ

Ұсынылып отырған бағдарлама бастауыш сынып оқушыларында қоршаған орта және алғашқы экологиялық ұғымдарды қалыптастыру, табиғатқа деген жауапкершілік сезімдерін дамыту мақсатында құрастырылған. Берілген тапсырмалар бағдарлама бойынша білім стандартына сай жасалған. Бастауыш сынып мұғалімдеріне қолдануға ұсынылады.

3-сыныптарға арналған «Экология және біз» факультатив бағдарламасы дүниетану, жаратылыстану курстарына қосымша білім беруге бағытталған. Адамның табиғатқа деген сұранысы мен қамқорлығы, туған өлке мен атамекен, тұрмыстық ғимараттар, оның табиғаттан алынып жасалатынын, табиғат адамның құрамдас бөлігі ретінде әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыру болып табылады.

«Экология және біз» факультатив бағдарламасында қамтылған «Бізді қоршаған орта», «Өсімдіктер дүниесі», «Жануарлар тіршілігі», «Қоғам және табиғат», «Менің туған өлкем», «Ғарыш кеңістігі», «Дені саудың жаны сау» экологиялық бөлімдер арқылы қоршаған әлемге мұқият қарауға үйрету, табиғат құбылыстарының табиғи байланысын, өзара тәуелділігін, мәселен, неліктен құстың ұясын бұзуға, ағаштарды сындыруға, су көздерін ластауға болмайтынын бала санасына жас кезінен сіңіре білуге бағыттталып отыр.

Бағдарламада бастауыш сынып оқушылары қоршаған орта және алғашқы экологиялық ұғымдарды қалыптастырады, табиғатқа деген жауапкершілік сезімдері оянады.

Сабақ барысында оқушылар:

- Қоршаған орта туралы білімдері кеңейтеді;
- Табиғат әлемін білуге қызығушылығын арттырады;
- Зерттеушілік қабілеттерін дамытады;
- Экологиялық проблемаларды шешудегі жеке басының жауапкершілігін қалыптастырады;
- Алған білімін күнделікті өмірде қолданады.

Оқушылар қоршаған ортада қоқыстар тастамауға тырысып, көгалдандыруға үлесін қосып, қоқыс мөлшерінің азаюына әсер етеді.

Келешек ұрпаққа экологиялық мәдени тәрбие беру қазіргі заманда өзекті мәселе. Оқушыға экологиялық білім беру баланың дүниетанымының қалып тасуына өте маңызды кезең.

Мақсаты:

Оқушыларға айнала қоршаған ортаны адам өмірімен байланыстыра отырып білім беру, экология мен адам бір – бірімен үнемі байланыста болатынын ұғындыру.

Міндеттері:

Қоршаған орта тазалығын сақтауды, табиғаттағы заттардың бір-бірімен байланысы мен өзгерістерін байқауды үйрету.

Адамның табиғат байлықтарын дұрыс пайдаланып, болашақ ұрпаққа үнемдеп жеткізу керек екенін түсіндіру.

Заман талабына сай жаңа техниканың пайдасымен қатар қоршаған ортаға зиянды әсерінің бар екенін түсіндіру және оны болдырмау жолдарын қарастыру.

«Экология және біз» 3-сыныпқа арналған факультатив бағдарламасы 34 сағат, аптасына 1 рет.

Ерекшелігі:

Табиғат жөнінде ой-өрістерін дамытады, білуге құштарлығы артады, экологиялық мәселелерге балалық шақтан бастап көңіл бөліп, экологиялық мәселені зерттеуді және оны шешу жолдарын қарастыруды білетін болады.

Күтілетін нәтиже:

- Қоршаған орта тазалығын сақтап, бір-бірімен байланысы мен өзгерістерін байқауды үйренеді.
- Табиғат байлықтарын дұрыс пайдалануды, қазба байлықтарды үнемдеуді, қалдықтарды қайта өңдеу арқылы жаңа заттар жасауға болатынын түсінеді.
- Жаңа техниканың пайдасы мен зиянының қатар жүретіндігін түсінеді, қоршаған ортаға зиян болдырмау жолдарын қарастырады.

Бұл бағдарлама төмендегідей бөлімдерден құралған:

- ✓ **БІЗДІ ҚОРШАҒАН ОРТА-8** сағат. (Табиғи және жасанды денелер. Заттардың қасиеті. Табиғи құбылыс. Денелер мен заттарды салыстыру. Ауа және оның қасиеті. Табиғаттағы су айналымы. Пайдалы қазбалар және олардың түрлері. Нәтиже сабақ)
- ✓ **ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ-4** сағат. (Өсімдіктер тіршілік ететін орта. Өсімдіктің адам өміріне пайдасы. Қызыл кітапқа енген өсімдіктер. Нәтиже сабақ)
- ✓ **ЖАНУАРЛАР ТІРШІЛІГІ-5** сағат. (Жануарлардың мекендеу ортасы. Табиғаттағы құстар қоры. Су жануарларының адам өміріне маңызы. Жануарлар экологиясы. Нәтиже сабақ)
- ✓ **ҚОҒАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ-** 6 сағат. (Адам мен табиғат арасындағы байланыс. Табиғаттың тылсым күші. Табиғатты ғылыми тұрғыдан тану әдістері. Өндірістік, ауыл шаруашылығының қалдықтары және тұрмыстық қоқыстар. Табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау. Нәтиже сабақ)
- ✓ **МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ-** 4 сабақ. (Еркін және өркендеген елім. Қазақстандағы туризм. Экология жолдары. Нәтиже сабақ)
- ✓ **ҒАРЫШ КЕҢІСТІГІ – 3** сағат (Ғарыш әлемін зерттеу не үшін қажет? Ғарышты зерттеу және ғарыштың экологиясы. Нәтиже сабақ)
- ✓ **ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ-** 4 сағат (Қоршаған ортаның экологиясы, табиғатты қорғау. Экология және адам. Табиғатты аялайық! Нәтиже сабақ).

Пәнаралық байланыс:

Пән сабақтарын жүргізу барысында аспан денелерімен танысқанда жаратылыстану пәнімен, тапсырмалар орындау барысында бейнелеу пәнімен, әртүрлі мәліметтер барысында география және дүниетану пәндерімен тығыз байланыс орнайды.

Білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар:

- Оқушы өзін қоршаған ортаны бағдарлауды, ауа, су және топырақты ажыратып, олардың адам үшін пайдасын түсініп, өсімдіктер мен жануарларды ажыратып, олардың адам үшін қажеттілігін іс жүзінде білу.
- Тұрған мекеннің айналасындағы табиғи ортаны, азық-түлік сапасын, айнала мен көше тазалығын сақтауда олардың адам өміріне маңыздылығын түсіну.

- Табиғат жөнінде ой-өрістерін дамыту, білуге құштарлығын, экологиялық мәселелерге балалық шақтан бастап көңіл бөлу, экологиялық мәселені зерттеу және оны шешу жолдарын қарастыру, логикалық ойлау қабілетін дамытып, табиғатты сүйуге баулу.

Бағалау және бақылау формалары:

Оқушылардың оқу материалын меңгергенін тексеру және бағалау- оқыту нәтижелерін бақылау, оқу процесінің әр түрлі кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару болып табылады.

Білімді тексеру және бағалау оқушының білім алуына көмектесіп, оның және мұғалімнің білім сапасы жөнінде сандық мәлімет береді.

Бөлім бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалаулар оқушының тақырыпты қаншалықты меңгергенінен мәлімет береді.

Бөлім бойынша жиынтық бағалаулар:

- Бізді қоршаған орта;
- Өсімдіктер дүниесі;
- Жануарлар тіршілігі;
- Қоғам және табиғат;
- Менің туған өлкем;
- Ғарыш кеңістігі;
- Ден саудың жаны сау;

«Экология және біз» күнтізбелік – тақырыптық жоспар

Тақырыптары, барлығы 34 сағат

Р/с	Сабақ саны	Ортақ тақырып	Сабақтың тақырыбы	Оқыту мақсаты	Беті	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту	
I тоқсан									
		БІЗДІ ҚОРШАҒАН ОРТА	Табиғи және жасанды денелер	Оқушылардың денелер мен заттар туралы білімдерін кеңейту, денелердің табиғи және жасанды болатыны туралы түсініктерін кеңейту.	3	1			
1	1			Заттардың қасиеті	Заттарды бір-бірінен қасиеті жағынан айыра білу.	4-7	1		
2	2			Табиғат құбылыстары	Дене, зат және табиғи құбылыстардың өзгеруі кезіндегі өзара байланысты анықтауды үйрену.	8-12	1		
3	3			Денелер мен заттарды салыстыру	Заттардың физикалық қасиеттері туралы түсінік беріп, денелер мен заттарды салыстыруды үйрену.	13-14	1		
4	4			Ауа және оның қасиеті	Ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; Желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру.	15-17	1		
5	5			Табиғаттағы су айналымы	Табиғаттағы су айналымы және судың ластану көздерін анықтау; Судың ластануының түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру.	18-19	1		
6	6			Пайдалы қазбалар және олардың түрлері	1. Пайдалы қазбалар және олардың түрлерімен таныстыру; 2. Экологияны қорғаудың маңыздылығын түсіну.	20-21	1		
7	7			Нәтиже сабақ	Өткен тақырыптарға қорытынды жасау.	22	1		
8	8								
II тоқсан									
9	1	II. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІ	Өсімдіктер тіршілік ететін орта	Өсімдіктердің тіршілік ететін ортасын анықтау	23	1			
10	2		Өсімдіктің адам өміріне пайдасы	Өсімдіктің адам өміріне пайдасы туралы білу	24-25	1			
11	3		Қызыл кітапқа енген өсімдіктер	Өсімдіктерді қорғау жолдарын ұсыну.	26-27	1			

12	4		Нәтиже сабақ	Өткен тақырыптарға қорытынды жасау.	28	1		
13	1	ІІІ. ЖАНУАРЛАР ТІРШІЛІГІ	Жануарлардың мекендеу ортасы	Жануарлардың мекендеу ортасын анықтап, жойылу шегінде тұрған жануарларға мысал келтіру.	29-30	1		
14	2		Табиғаттағы құстар қоры	Табиғаттағы құстар қоры туралы білу.	31-32	1		
15	3		Су жануарларының адам өміріне маңызы	Су жануарларының адам өміріне маңызын білу.	33-35	1		
16	4		Жануарлар экологиясы	Жануарлар әлемін қорғау керек екенін түсіну.	36-37	1		
17	5		Нәтиже сабақ	Өткен тақырыптарға қорытынды жасау.	38	1		
ІІІ тоқсан								
18	1	ІV. ҚОҒАМ ЖӘНЕ ТАБИҒАТ	Адам мен табиғат арасындағы байланыс	Адам мен табиғат арасындағы байланысты анықтау.	39-41	1		
19	2		Табиғаттың тылсым күші	Табиғаттың тылсым күші және табиғат құбылыстары туралы білу.	42-43	1		
20	3		Табиғатты ғылыми тұрғыдан тану әдістері	Табиғатты ғылыми тұрғыдан тану әдістерін білу және бақылау, эксперимент және теориялық зерттеу әдістерін жүргізу.	44-45	1		
21	4		Өндірістік, ауыл шаруашылығының қалдықтары және тұрмыстық қоқыстар	Қоқыстың түрлері және оны жоюдың жолдарымен таныстыру.	46-48	1		
22	5		Табиғаттағы тепе-теңдікті сақтау	Табиғаттағы тепе-теңдікті сақтаудың маңыздылығын түсіндіру.	49-50	1		
23	6		Нәтиже сабақ	Өткен тақырыптарға қорытынды жасау.	51	1		
24	1	V. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ	Еркін және өркендеген елім	Еркін және өркендеген елім туралы мағлұмат беру.	52-53	1		
25	2		Қазақстандағы туризм	Қазақстандағы туризм туралы білу және жандандыру жолдарын қарастыру.	54-55	1		
26	3		Экология жолдары	Экология жолдарын болдырмауды түсіну.	56-57	1		

27	4		Нәтиже сабақ	Өткен тақырыптарға қорытынды жасау.	58	1		
IV тоқсан								
28	1	ҮІ. ҒАРЫШ КЕҢІСТІГІ	Ғарыш әлемін зерттеу не үшін қажет?	Ғарыш әлемін зерттеу не үшін қажет екенін білу.	59-60	1		
29	2		Ғарышты зерттеу және ғарыштың экологиясы	Ғарыш зерттеулерінің пайдасы мен зияны бар екенін түсіну.	61-62	1		
30	3		Нәтиже сабақ	Өткен тақырыптарға қорытынды жасау.	63	1		
31	1	ҮІІ. ДЕНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ	Қоршаған ортаның экологиясы, табиғатты қорғау	Қоршаған ортаны, табиғатты қорғауды түсіну және экокорта жасау.	64-65	1		
32	2		Экология және адам	Экологияны болдырмау жолдары туралы түсінік қалыптастыру.	66-68	1		
33	3		Табиғатты аялайық!	Экологиялық таза тамақ өнімі туралы түсінік беріп, табиғатты қорғауға, аялауға баулу.	69-70	1		
34	4		Нәтиже сабақ.	Өткен тақырыптарға қорытынды жасау.	71	1		

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андриянова Т.А., Беркало В.Н., Жакупова Н.Ш., Полежаева А.В. – Астана: Жаратылыстану. 3-сынып. Оқулық. / «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДДБҰ, 2018.-96б.
2. Манкеш А.Е., Алиякбарова А.Р. Айналаны қоршаған орта. Экология. Хрестоматия. «Алматыкітап», 2003- 167б.
3. Акаев С. «Экология эліппесі» Журнал «Балдырған». 1999-120б.
4. Верховцева Л.А., Костюченко О.А., Ушакова М.В. – Алматы: Алматыкітап баспасы, Жаратылыстану. 5-сынып. Оқулық. 2017.-184б.
5. Қаратабанов Р.Ә., Верховцева Л.А., Костюченко О.А., Прахнау В.И., Бойко Г.С., Матвеева С.А., Мұсабаева М.Н.– Алматы: Алматыкітап баспасы, Жаратылыстану. 6-сынып. 2018-168б.
6. Лихачев С.Д. Экология культуры. Альманах Всеросс.Общ-ва охраны памятников истории и культуры. 1980- №2.
7. Рянжин С.В., Экологический букварь для детей и взрослых, «Печатный Двор» Санг-Петербург, 1994-121б.
8. Жүнісқызы К., Бірмағамбетов Ә., Қ.Айтмағамбетова. Алматы: Атамұра баспасы. 3- сынып. Оқулық. 2003 – 68б.
9. Интернет. <https://www.opiq.kz/Kit/Details/62>
10. Интернет. <https://www.opiq.kz/Kit/Details/19>